Білім беру ұйымының атауы	**ZIYATKER TURAN ЖШС**	
Пәні:	География	
Бөлім:	3. ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ГЕОЭКОЛОГИЯ	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты	Елтаев Н.Т.	
Күні:	9.10.2026	
Сынып: 11 А	Қатысушылар саны:	Сынып:11
Сабақтың тақырыбы	Табиғатты пайдалануды реттеу	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	11.3.1.1 - шаруашылық және тұтыну салалары бойынша табиғатты пайдалануды реттеу механизмін талдау;	
Сабақтың мақсаты	Оқушылар шаруашылық және тұтыну салаларындағы табиғатты пайдалану ерекшеліктерін анықтап, оны реттеу механизмдерін талдайды және олардың тиімділігін бағалайды.	
	АДАЛ АЗАМАТ ҚҰНДЫЛЫҒЫНА ЖЕТКІЗУ: Қазақстанның табиғи ресурстарын заң талаптарына сай ұқыпты пайдаланудың ел болашағы үшін маңызын түсіну арқылы отаншылдық жауапкершілігін қалыптастырады. **ТАЗА ҚАЗАҚСТАН ЖОБАСЫ:** Қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтау мен табиғатты жауапкершілікпен пайдаланудың маңызын бағалау арқылы «Таза Қазақстан» құндылығын қалыптастырады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 2 мин	**(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі** Оқушылармен амандасып, оқушылардың көңілін сабаққа аудару. Сыныпты түгелдеу, сыныптағы оқушылардың зейінін сабаққа аудару	Мұғаліммен амандасып, кезекші оқушы сыныптағы оқушылардың санын баяндайды	**(ҚБ)** мұғалім 1-10 балл аралығында бағалайды **«домбыра»** әдісі арқылы бағалау ЖИ арқылы жасалынған бағалау әдісі Geo_aqparat.kz - "Домбыра" әдісі	
2 мин	**ТРЕНИНГ** «Мемлекеттерді анықта» **Мақсаты:** Оқушылар мемлекеттердің сыртқы пішіні бойынша анықтайды 	Оқушылар **«мемлекеттерді анықта»** жаттығуы арқылы сабаққа қолайлы атмосфералық ахуал орнатады		
3 мин	**ҮЙ ТАПСЫРМАСЫ** **«БЛИЦ СҰРАҚТАР»** *Оқушылар ЖИ мүмкіншілігін пайдаланып блиц сұрақтар әдісі арқылы өткенге шолу жасайды* 1. Табиғатты пайдалануды басқару мен қоршаған ортаны қорғауға қатысты интерактивті жүйе қалай аталады? — **ГАЖ** 2. ГАЖ ең алдымен қай ғылым үшін жасалған? — **География** 3. ГАЖ-мен байланысты Жерді ғарыштан зерттеу бағыты қалай аталады? —	Оқушылар өткен тақырып бойынша блиц сұрақтар әдісі арқылы өткен тақырып бойынша ақпараттарға талдау жасайды **Дескриптор** Жалпы – 2 балл *-Берілген*	**«Жарайсың»** деген мадақтау сөзімен ынталандыру.	Geo_aqparat.kz - 11.3.1.1

	Қашықтықтан зерделеу 4. Microsoft-тан кейін жалпы табысы жөнінен екінші орынды иеленетін американдық корпорация? — **Oracle** 5. Қазақстан экономикасын цифрлық технологиялар арқылы дамытуға бағытталған бағдарлама? — **Цифрлық Қазақстан** 6. Түсірілімдердің тек ақ және қара түспен берілуі қалай аталады? — **Панхроматикалық түсірілім жасау режімі** 7. Тәулігіне Жер шарын 14 рет айналып шығатын қазақстандық Жер серігі? — **KazEOSat-1** 8. Мүмкіндігі орташа деңгейдегі қазақстандық Жер серігі? — **KazEOSat-2** 9. Қазақстандық KazEOSat Жер серіктерін жасаған аэроғарыштық концерн? — **Airbus Defence and Space** 10. KazEOSat-1 радиокөру аймағы Таймыр түбегінен қай аумаққа дейін қамтиды? — **Үндістанның солтүстігіне дейін**	*сұрақтарға сәйкес дұрыс жауаптарды анықтайды — 1 балл.* - *Қашықтықтан зерделеу, ГАЖ және KazEOSat туралы білімін дұрыс қолданады — 1 балл*		
Сабақтың ортасы 2 мин	**«АДАЛ АЗАМАТ»** *бағдарламасы аясында жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған нақты мысал келтіріледі.* **«Отанды сүю - отбасынан басталады!»** дәйексөзі *Еңбек адамдары туралы нақты өмірлік мысалдар келтіріледі*	Апта дәйексөзі және құндылыққа байланысты нақты мысалдар келтіреді	«Жарайсың» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.	
1 мин	**ЖАҢА САБАҚ** **«ВИДЕО ФРАГМЕНТ»** әдісі *Оқушылар «видео фрагмент» әдісі арқылы сабақтың тақырыбын анықтайды*  **Бүгін сабағымыздың тақырыбы қандай болмақ?**	Оқушыларға тақырыпқа байланысты «видео фрагмент» әдісі арқылы сабақтың тақырыбын табуға мүмкіндік беріледі.		
2 мин	**МАҒЫНАНЫ ТАНУ** **«ТҮРТІП АЛУ» әдісі** **Бейнеролик:** Табиғатты пайдалануда заңнамалар ✓ Табиғатты пайдалану заңнамалары? ✓ Тұрақты даму дегеніміз не?	Оқушылар **ЖИ** мүмкіншілігі арқылы жасалынған бейнероликті тамашалайды. Сұрақтарды талдайды		https://youtu.be/V5r81JqEc6w

8 мин

№1.ТАПСЫРМА
«ДЖИГСО» әдісі
(ТЖ) Топтық жұмыс
(Функционалдық сауаттылық тапсырмасы)
Оқушылар джигсо әдісі арқылы топтық жұмыстарды орындайды

Қазақстанда табиғи ресурстарды пайдалану **заңнамалық нормалар мен экологиялық талаптарға** сәйкес жүргізілуі тиіс. Табиғатты пайдаланушылар жерді, суды және басқа ресурстарды тиімді пайдаланып, қоршаған ортаның ластануына жол бермеуі қажет.

ҚР Жер кодексі жерді тиімді пайдалану мен қорғауды, топырақ құнарлылығын сақтауды және бүлінген жерлерді қалпына келтіруді талап етеді.

Мұнай-газ өндірісінде **мұнайдың төгілуі, топырақ пен судың ластануы, ауаның ластануы** экологиялық қауіп тудырады. Сондықтан кәсіпорындар экологиялық қауіпсіздікті сақтап, тұрақты **экологиялық мониторинг** жүргізуі және табиғатқа келтірілген зиянды азайтуы қажет.

Табиғатты пайдалану барысында **экологиялық бақылау, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, қоршаған ортаны қорғау және қалпына келтіру** талаптарының орындалуы маңызды.

Топ	Тапсырма
1-топ – «Заң сарапшылары»	Кәсіпорын бүлінген жерді қалпына келтірмеді. **ҚР Жер кодексіне сәйкестігін анықтап, себебін түсіндіріңдер.**
2-топ – «Экоинспекторлар»	Мұнай төгіліп, топырақ пен су ластанды. **Бұл жағдайдың экологиялық нормаларға сәйкестігін анықтап, шешу жолын ұсыныңдар.**
3-топ – «Экологиялық аудит»	Өз аймақтарыңдағы табиғатты пайдаланудың бір түрін таңдаңдар. **Оның заң талаптарына сәйкестігін бағалап, қорытынды жасаңдар.**

	Дағдыға баулу: *Оқушылар табиғатты пайдалану жағдайларын заңнамалық және экологиялық нормалармен салыстырып, сәйкестігін бағалау және дәлелді қорытынды жасау дағдысын қалыптастырады.*
	Құндылыққа жету: *Табиғи ресурстарды заң талаптарына сай пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың маңызын түсіну арқылы экологиялық жауапкершілік қалыптастырады.*

2 мин

ҚЫЗЫҚ ЕКЕН

Оқушылар **джигсо** әдісі арқылы оқушылар тапсырманы орындайды
Дескриптор
Жалпы – 3 балл
-Табиғатты пайдалану жағдайының заң талаптарына сәйкестігін анықтайды — 1 балл.
-Экологиялық нормалардың сақталуын талдап, себебін түсіндіреді — 1 балл.
-Экологиялық мәселені шешу жолын ұсынып, қорытынды жасайды — 1 балл.

Оқушыларға тақырыпқа байланысты

«Жарайсың» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.
№1 тапсырма бойынша (ҚБ) мұғалім Дескриптор бойынша 3 балл аралығында бағалайды
«домбыра» әдісі арқылы бағалау Geo_aqparat.kz - "Домбыра" әдісі

Geo_aqparat.kz - 11.3.1.1

10 мин	Оқушыларға табиғатты тиімді пайдалану тақырыбына байланысты қызықты информация беріледі **№2. ТАПСЫРМА** **«ЖАҒДАЯТТЫҚ СҰРАҚ»** **әдісі** **(ЖТ) Жеке тапсырма** (функционалдық сауаттылық тапсырмасы) *Оқушылар тақырыпқа байланысты жағдаяттық сұрақтарға жауап береді* **Жағдаят:** Қашаған мұнай кен орнын игеретін **NCOC** компаниясына Қазақстанның экологиялық органдары күкіртті сақтау талаптарын бұзды деген айып тақты. Қазақстан тарапы кәсіпорында рұқсат етілген мөлшерден артық күкірт сақталғанын мәлімдеп, **2,3 трлн теңгеден астам айыппұл** салды. NCOC бұл шешіммен келіспей, экологиялық талаптарды сақтағанын мәлімдеді. Қазіргі уақытта тараптар арасындағы дау жалғасуда. **Тапсырма:** Өзіңді **экологиялық сарапшы** ретінде елестетіп, жағдайды талда. 1. Қашаған кен орнында табиғатты пайдаланудың қай түрі жүзеге асырылады? **Жауап:** _____ 2. Қазақстан тарапы қандай экологиялық талаптың бұзылғанын алға тартты? **Жауап:** _____ 3. NCOC әрекетінің экологиялық нормаларға сәйкестігі туралы **өз қорытындыңды жазып, 1 дәлел келтір.** **Қорытынды:** _____ **Дәлел:** _____ 4. Экологиялық талаптардың бұзылуын болдырмау үшін **1 ұсыныс жаса.** **Ұсыныс:** _____ **Дағдыға баулу:** *Нақты экологиялық жағдайды заңнамалық нормалармен салыстырып, табиғатты пайдалану әрекетінің сәйкестігін бағалау және дәлелді шешім*	информация беріледі Оқушылар **«жағдаяттық сұрақ»** әдісі арқылы тапсырманы орындайды **Дескриптор** Жалпы – 3 балл *-Табиғатты пайдалану түрін және экологиялық талапты анықтайды — 1 балл.* *-Жағдайдың заңнамалық нормаларға сәйкестігін бағалап, дәлел келтіреді — 1 балл.* *-Экологиялық мәселенің алдын алу жолын ұсынады — 1 балл.*	«Керемет» деген мадақтау сөзімен ынталандыру. **№2 тапсырма бойынша (ҚБ)** мұғалім Дескриптор бойынша 3 балл аралығында бағалайды **«домбыра»** әдісі арқылы бағалау Geo_aqparat.kz - "Домбыра" әдісі	

8 мин		*шығару дағдысы қалыптасады.* **Құндылыққа жету:** *Қоршаған ортаны қорғау талаптарының сақталуын бағалау арқылы табиғатқа жауапкершілікпен қарауға және экологиялық тазалықты сақтауға тәрбиеленеді.* **№3. ТАПСЫРМА** **«ВИКТОРИНА»** **әдісі** **(ЖТ)Жеке жұмыс** (функционалдық сауаттылық тапсырмасы) *Оқушылар викторина әдісі арқылы тапсырманы орындайды.* 1. Адамзаттың экологиялық дағдарыстарға қарсы тұру үшін қабылдаған даму моделі қалай аталады? А) Экономикалық даму В) Тұрақты даму С) Индустриялық даму 2. Тұрақты даму тұжырымдамасының негізгі ережелері қарастырылған қала? А) Париж В) Женева С) Рио-де-Жанейро 3. Табиғатты пайдалануды басқарудың негізгі әдістерінің бірі? А) Әкімшілік В) Географиялық С) Технологиялық 4. Норма және заң шығару табиғатты пайдалануды басқарудың қай функциясына жатады? А) Атқарушылық В) Институционалдық С) Әлеуметтік 5. Қазақстанда жерді тиімді пайдалану мен қорғауды реттейтін негізгі құжат? А) Су кодексі В) Орман кодексі С) ҚР Жер кодексі 6. Экологиялық апаттардың алдын алуға бағытталған шаралар жиынтығы қалай аталады? А) Экологиялық аудит В) Экологиялық қауіпсіздік С) Табиғи мониторинг 7. Атмосфералық ауаны ластаушы және ландшафтқа техногендік әсер етуші басты салалардың бірі? А) Мұнай-газ саласы В) Білім беру С) Туризм 8. Мұнай-газ саласындағы экологиялық қауіп-қатердің бірі? А) Топырақ құнарлылығының артуы В) Мұнайдың сыртқа төгілуі С) Орман көлемінің артуы 9. Табиғи ортаға тұрақты экологиялық мониторинг жүргізуді көздейтін	Оқушылар **«викторина»** әдісі арқылы тапсырманы орындайды **Дескриптор** Жалпы – 2 балл *-Тұрақты даму мен табиғатты пайдалануды реттеуге қатысты сұрақтардың дұрыс жауабын анықтайды — 1 балл.* *-Экологиялық қауіпсіздік пен табиғатты қорғау қағидаттарына қатысты дұрыс жауаптарды белгілейді — 1 балл.*	«Тамаша» деген мадақтау сөзімен ынталандыру. **№3 тапсырма бойынша (ҚБ)** мұғалім Дескриптор бойынша 2 балл аралығында бағалайды **«домбыра»** әдісі арқылы бағалау Geo_aqparat.kz - "Домбыра" әдісі	Geo_aqparat.kz - 11.3.1.1 2 сабақ

	қағидат? A) Тиімділік B) Кезеңділік C) Әлеуметтік тиімділік 10. Компанияның экологиялық қызметі туралы қоғамдық маңызы бар ақпараттың ашық болуын талап ететін қағидат? **Жауаптары:** 1–B, 2–C, 3–A, 4–B, 5–C, 6–B, 7–A, 8–B, 9–B, 10–C.  **Дағдыға баулу:** *абиғатты пайдалану, тұрақты даму және экологиялық нормалар туралы ақпаратты саралап, дұрыс шешім қабылдау дағдысы қалыптасады.*  **Құндылыққа жету:** *Экологиялық қауіпсіздік пен табиғатты қорғау талаптарын түсіну арқылы қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға тәрбиеленеді.*			
Сабақтың соңы 5 мин	**Кері байланыс** **«Бағдаршам»** әдісі Оқушылар бүгінгі сабақты түсінгендігі жөнінде бағдаршам әдісі арқылы қорытындылайды **Үйге тапсырма** Тақырыпты оқу	Оқушы жаңа тақырыпты қорытындылап бүгінгі сабаққа кері байланыс орнатады	Мұғалім оқушылардың тапсырмаларды орындауына байланысты 1 – 10 балл аралығында бағалайды	Geo aqparat.kz - Бағдаршам әдісі



Табиғатты пайдалануды заңнамалық реттеу

Оқу мақсаты: 11.3.1.1 – табиғатты пайдалану түрлерінің заңнамалық тәртіппен бекітілген нормаларға сәйкестігін анықтау.

1 НОРМАНЫ ТАП

Берілген әрекеттердің заңнамалық және экологиялық талаптарға сәйкестігін анықтап, ✓ – талапқа сай, ✗ – талапқа сай емес белгісін қой.

№	Әрекет	Белгі
1	Бүлінген жерлерді қалпына келтіру.	
2	Мұнай қалдықтарын суға төгу.	
3	Топырақ құнарлылығын сақтау.	
4	Экологиялық мониторинг жүргізбеу.	
5	Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану.	
6	Мұнай төгілген аумақты тазартпау.	






2 ЭКО-САРАПШЫ

Берілген себеп бойынша салдарын анықтап, экологиялық және заңнамалық талаптарға сай шешім ұсыныңыз.

	Себеп	Салдары	Шешімі
1	 Мұнайдың төгілуі		
2	 Топырақтың ластануы		
3	 Ауаның ластануы		

3 ЗАҢДЫ ШЕШІМ

Жағдайды оқып, тапсырмаларды орындаңыз.

Мұнай өндіруші кәсіпорын жұмыс барысында жердің бір бөлігін ластады. Кәсіпорын экологиялық мониторинг жүргізгенімен, бүлінген жерді қалпына келтіру жұмыстарын жүргізбеді.



1. Кәсіпорынның қай әрекеті талапқа сай?
2. Қай әрекеті талапқа сай емес?
3. Кәсіпорын заңнамалық және экологиялық талаптарды орындау үшін не істеуі керек?

Қорытынды: Кәсіпорынның табиғатты пайдалануы заңнамалық нормаларға _____, себебі